

6. Сөз тіркестері:

- орынсыз сөз - есімді тіркес, себебі басыңқы сөзі - зат есім;
- орға жығады - етістікті тіркес, себебі басынды сөзі - етістік.

7-8. Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдері:

- сөз жығады - қиысу, бастауыш пен баяндауыш жіктік жалғау арқылы байланысқан;
- орынсыз сөз - қабысу, орын тәртібі арқылы іргелес байланысқан;
- орға жығады - меңгеру, барыс септік жалғауы арқылы байланысқан.

Оралман-тындаушыларға арналған қазақ тілі оқулығы қандай болуы керек деген мәселеге ой қосар болсақ, ең алдымен, шетелдік қандастарымызға халқымыздың рухани, мәдени, әдеби құндылықтарын танытатын мәтіндер арқылы тез оқуын, сауатты жазуын қамтамасыз ету қажет. Теориялық мәліметтер берумен қатар жоғарыда аталған тілдік материалдарды меңгерту бағытында жаттығу, талдау жұмыстары енгізілгені дұрыс. Сөздік қорын байыту мақсатында кірме сөздер мен жаңа сөздерді меңгертуге арналған т.б. сөздік және диктант, шығармашылық жұмыс түрлері де қамтылуы орынды. Кейінгі кездері сөз болып жүрген жаңа бұрын оқулықтарының белгілі бір озық технологиялық әдіс-тәсілдерге негізделіп жазылуы тиіс деген пікірлерге мен де қосыламын.

Қорыта айтқанда, сатылай комплексті талдау арқылы қазақ тілін терең, ғылыми негізде меңгеруге, жоғары оқу орындарына түсу үшін тапсырылатын тест жұмыстарын орындауда жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразахынова Н. Сатылай комплексті талдау - қазақ тілінің төл технологиясы//Қазақ тілі мен әдебиеті.-№5.-2005.-22 б.

Мәулет Б., Ахметбек Г.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ ОҚУТЫДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Әлемді жаһандандыру нәтижесінде, тіл - ғылымның әр саласында дипломатияда, саясатта, экономикада күнделікті өмірде қажетті құралдардың біріне айналды. Қазіргі кезеңде халықаралық байланыста, адамдар өзін өзі тану үшін, басқа елді, халықты тануда тіл мен аударманың алатын орны ерекше. Бүгінгі өмір талабы әртүрлі халықтар мен мәдениеттің араласу және өзара түсінісу мәселесін барынша жоғары деңгейде қарауды талап етуде. Адамдар бір-бірімен өзара қатынаста болу үшін, бір-бірінің мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, тілін, дінін түсінуге тырысады. Осы тұрғыдан келгенде мәдениетаралық байланыстың маңызы артады.

Шығыстағы көршіміз Қытай мен Қазақстанның арасындағы байланыстың тамыры тым тереңде жатыр. Дербес қазақ хандығы дәуірінде, яғни Абылай хан тұсында қазақ пен қытай арасында қалыптасқан қарым-қатынастың саяси-дипломатиялық байланыс аясында өткені белгілі. Кешегі кеңес дәуірі тұсында екі ел арасындағы байланыс үзілмей, Мәскеу арқылы етсе де, ғылымда, соның ішінде тілші-ғалымдар, саясатшы, дипломаттар арасындағы байланыс біржақты дамып келді.

Қазіргі халықаралық аренада Қытай елінің саясат пен экономикадағы ықпалының зор екенін байқаймыз. Қытай тілі қазіргі кезде дүниежүзіндегі негізгі тілдердің бірі екені белгілі. Оны оқуға деген қызығушылық әлемнің барлық елдерінде орын алған. Қазіргі кезде барлық дүниежүзілік келіссөздерде қытай тілі жұмыс тілдердің бірі. БҰҰ Бас Ассамблея ережелеріне сай, олардың комитеттерінің ресми және жұмыс тілдері ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдері болып келеді.

Тәуелсіз Қазақстан жаңа тарихи кезеңде Қытаймен қарым-қатынасымыздың сапасы жаңа сатыға көтеріліп, мазмұлы толығы түсті. Екі жақты байланыстардың ауқымы кеңейіп, ғылым мен білімге жаңаша көзқарас қалыптасты. Қытай мемлекеті біздің елмен арадағы тату кершілік пен өзара тиімді байланыстарды, мәселен, мәдени, экономикалық, дипломатиялық т.б. дамытуға аса мән беріп отырған уақытта екі тілді мамандар дайындау қажеттілігі туатыны түсінікті. Сонғы кезде қытайтанушы, дипломат, экономист, екі тілді еркін меңгерген аудармашылар, тарихшылар, көп тілді мұғалімдер дайындау мәселесін тиімді әрі тез шешу үшін қытай тілі мен аударма ісін ұштастыра зерттеу өте қажет.

Қытай тілі - бірнеше мыңжылдықтарға жететін жоғары өркейген ежелгі мәдениеттер тілі. Бүгінгі таңда дүниежүзі халқының 1/5-і қолданып отырған қытай тілі күрделі де қиын тілдердің қатарына жатады. Әрқандай тілді үйрену мен үйретудің өзіндік тәсілдері бар. Қытай тілі жеке әріптер емес, жеке сөздерден құрам тапқан тіл болғандықтан оны игеруде және дамытуда сөздік қорын молайтудың рөлі мен маңызы зор. Бір ұлт тілін меңгеру үшін сол тілдің грамматикасын игермей болмайды. Грамматиканы меңгеру үшін сөздік қорды ұлғайтуды талап етеді. Сондықтан да қазіргі заманға сай техникалық аспаптарды қолдана отырып қытай тілін оқытқанда үйрету амалдарына да баса мән берілу керек. Төменде солардың ішіндегі бірнеше тиімді тәсілдерді атап өтеміз:

Образды оқыту тәсілі. Қытай иероглифі бейнелеу формасындағы тіл болғандықтан оны алғаш сатыда үйреткен кезде образды оқыту тәсілін қолданған жөн. Қытай тілінде сөздер кілттер арқылы түрленіп, мағынасы өзгертіп отырады. Бірақ кілттің жалпылама мағынасы болады. Мысал келтіретін болсақ «*i*» кілті айту, сөйлеу, әңгімелесуге байланысты сөздерге қолданылады. Қытай тілінің мағыналас сөздерінде бұндай құбылыстар жиі кездеседі:

Сөз - *i5* (hua); Әңгімелесу (tanlun); Сөйлеу, баяндау - (jiang hua);

«*Ф*» кілті қолмен ұхтауға байланысты сөздерде кездесіп, сөйлемде тістік рөлін атқарады. Алайда, бұлар мағыналас болмауы да мүмкін:

Кошу - ШШ , Доп ойнау - tT&, Су экелу Стол сұрту

«/ » кілті суға байланысты сөздерде кездеседі:

Өзен - >5I, Теңіз -Ш, Көл -ЙЯ [1].

Мөлшер сөздерге баса мән беру әдісі. Қытай тілінде әрбір зат есімдердің арасына мөлшер сөз қолданылады. Қытай тілінде тұрмыста жиі кездесетін және үнемі қолданылатын мөлшер сөздерді жатқа білуге үйрету және оған баса мән беру. Мысалы төменде көрсетілгендей үстелге, киімге, адамға, өсімдіктерге т.б. сол сияқты зат есімдерге байланысты қолданылатын мөлшер сөз де алуан түрлі болып келеді. Мысалы:

—**Щ-^Ш**. бір тал киім, —**Й.Х** бір адам, екі орындық, — бір машина, — б і р үстел, —

ЩШ бір ағаш [2].

Дұрыс дыбыстауды үйренудегі салыстыру тәсілін қолдану. Тілдегі дыбысталуы дұрыс болмаса, фонетика да дұрыс болмайды. Қытай тілін алғаш үйренушілер дыбыстарды дұрыс оқи алмайды немесе оларды алмастырып дыбыстайды. Сол себепті дұрыс дыбыстауды үйрену үшін салыстыру әдісін қолдану керек. Мысалы: «р», «f»

(fangzi) «Й^Т» (pangzi) «**ШШ**» (fangxin) (pangxin)

Сөздердің түсіндірілу аясын кеңейте оқыту тәсілі. Қытай тілінде оқылуы ұқсас дыбыстар немесе мағыналас сөздер көп кездеседі. Сондықтан да сөздердің түсіндірілу аясын кеңейте оқыту әдісін пайдалану қажет.

Сөздің екінші бөлігі түрленіп келетін әртүрлі мағынадағы сөздер, мысалы:

Сұрыптау- **ШШ**~ (ti lian), Ортаға салу- Utti (ti chu) , Қамдау-£ИЙ (ti gong) ,

Көтеру - (ti shui)

Дыбысталуы бірдей мағыналары әртүрлі сөздер:

Дене - (ti) , Баспалдақ - Ш (ti) , Тебу - 5! (ti)

Мағыналас сөздер: ⁴ ШШ ⁴ " Кездесу, жолығу:

1. «зкШ» (huijian) Мэртебесі тең дәрежедегі адамадардың кездесуі, көбінде екі адамның кездесуін айтамыз.

Сыртқы істер министрі Англиялық қонақтармен кездесті.

2. « ШЯ» (jiejian) Басшылардың қоластындағы қызметкерлерімен кездесуі.

Қала бастығы жеке кәсіпкерлермен кездесті.

3. « (baijian) Жасы кішілердің аға буындарға сәлем беруі.

Бүгін түстен кейін біз, атам мен әжеме амандасуға барамыз.

Тұрмыста мағыналас сөздерді дәлме-дәл қолдану үшін, оларды өзара алмастырып алмау үшін сөздердің түсіндірілу аясын кеңейте оқыту әдісін пайдалану маңызды рөл атқарады.

Қытай тілін игерудің деңгейін жоғарылатуда алдымен сағат сандары мен базалық пәнге қосымша берілетін пәндерге толықтырулар енгізілсе, заманауи техникалар пайдаланумен қатар, оқытудың тиімді тәсілдері қолданылса тиімді болатыны белгілі.

Бір ұлттың идеясын, философиясын, этнографиясын, дінін, таризын, көркем өнерін, сондай-ақ психологиясының мәдени ереішелігін сол тілдегі сөз құрамы бейнелейді. Ол қоғамдық мәдениеттегі оқиғалармен байланысып жатады. Сондықтан сөзді құрамды зерттеу, бір ұлттың қоғамы мен мәдениетін зерттеуде қол үзе алмайды. Сөздің құрамы - оның «мәдени мәні» болып табылады. Ол әдетте екі немесе екілен астам тілдегі мағынасы ұқсас қос сөздерді білдіреді. Бірақ, белгілі бір ұлттың мәдени сласының ерекшелігі сүйіспеншілікке деген бағасы мен мәдени таризымен байланысып жатады. Әр ұлттың тілдік ерекшелігі рсамағандықтан, тарихи дамуында, саясатында, экономикасында, мәдениетінде өзіндік ерекшелігі болады.

Түстерді (рең) бейнелеу - қуатына толы сөздік қор. Ол сезімді бейнелейді, әрі жеткізеді және түйсік йен зерделіктің тоғысуын бейнелейді. Түске қатысты сөздер объективтік заттардың түсін бейнелейді, бірақ осы арқылы қоғамлық тұрмысты бейнелеген кезде, түрліше тілдегі ұлттардың тілінменгеріп кете алмайды. Өйткені ргтардың тарихи шарт жағдайы, тұрмыс ортасы, эстетика-психологиясы, эдет-ғұрпы ұқсамайды, бір түстен туындаған ойлар да ұқсамайды. Түске байланысты сөздердің ерекше мәдени мәні болады.

Қазақ және қытай тіліндегі сөздердің түске қатысты сөздердің мәдени мәніндегі айырмашылығы.

Сонау ертедегі Чин дәуірінің өзінде-ақ Қытай тілінде түске қатысты сөздер және дүниеге көзқарас қалыптасқан әрі белгілі философиялық оймен байланысып жатқан. Мысалы, «бес айналым», алтын, ағаш, су, от, топыраққа сәйкес көк, қышыл, ақ, сары, қара түстер қалыптасса, бес түрлі түс бес бағытқа уәкелдік еткен. Мысалы, шығыс, оңтүстік, батыс, солтүстік, орталық. Мұның ішінде сары түс орталыққа өкілдік еткен. Ал «бес бағыт» тағы «Қытай және төрт төңірек» дегенді білдіреді.

Мұнда сары түс орталыққа өкілдік етпегендіктен. Қытай тіліндегі «сары» түс әкімшілдік пен билік деген мағына білдіреді, әрі байлықтың белгісі. Ежелден бергі патшалар «ашық сары» түсті биліктің белгісі ретінде қолданған. Мысалы:Ұлық болу (**ШШШМ**).

Көшпенді өмір сүрген ұлттың мал шарушылығына байланысты сары түстің өз мағынасы бар. Мысалы «зақ күту, сарылу», Қазақ тіліндегі «сары уайым, сарғая күту, сары сүйек құда» тіркестеріндегі «сары» түсінң мағынасы қытай тіліне айдарылмай қалады. Мысалы: (Сарғая) **Ш+Щ^(күту)** ,(сары) Ц+УЪЙ (уайым) ,(сары) **Ш+Вк+Ш** (сүйек құда).

Қызыл түс - Қытай мәдениетінде негізгі қастерлі түстердің бірі. Ол қытай халқының рухани және затты жағындағы күштарлығын білдіреді. Қызыл түс ауызға алынды болды қытайдың қызу ынта, серпілу, қуаныш сияқты мағынаны еске түсіріп, шабыттанды да жігерлене түседі. Қызыл түс - Қытай салтында қуанышты білдіретін түс. Жаңадан түскен келіннің қызыл желек жамылуы, ердің қызыл белбеу буынуы, кеуделеріне қызыл гүл тағулары, есікке қызыл шырақтар ілу, түнде қызыл түсті балауыз жағу, ақшаны қызыл бумаға орау, қызыл конвертке салулары сияқты бұл түстің қуаныш пен істің оңға басуы және гүлдену, көркею, табысты болу деген мағынаны білдіреді. Сондықтан кәсіпорын, серіктік сияқты жаңа жұмысты бастау, кәрме ашу сияқты салтанатты іс-шараларды өткізгенде қызыл лента қияды. Бұл істің табысты болуын құттықтау, істің оңа басуын тілеу мағыналарын білдіреді.

Ал қазақ тілінде аударылғанда қызыл түстің мағынасы басқа мағына береді.

Адал (**Ш.**) + (**ib**) , Сенері, аяулысы (\$E) + (Л) , Жолы болу, сәтті болу (\$E) + (зЕ).

Жасыл түс қытай тілінде бұрыннан бері жақсы мағына білдірмеген. Қазіргі кезде «жасыл» ұғымындағы «табиғат түсі» түгелдей кейін келе қабылданған. Бұрынғы кезде «кек» табиғаттың айғағы болған, «жасыл қытай тілінде «адам безге әйелдің күйеуінен қорлануы» мағынасын білдіреді, мұндайда «жасыл бас киім кидіреді» (күйеуіне қаратып айтылады).

Ал қазақ ұлтында мүлдем керісінше жасыл түс - өмірдің, ұлттың символы, сондықтан құрметті қонаққа кестелі жасыл тақия ұсынады. Бұл қытайлықтар үшін өте ыңғайсыз жағдай болып есептеледі, өйткені қытай тілінде «жасыл тақия» мағынасы басқаша.

Тілдік ерекшелік, тілдік қолданыс жағынан болсын, Сахара мәдениеті мен егіншілік мәдениетінің бейнесі аңғарылады. Түсті білдіретін сөздер жағынан өзіндік ұлттық ерекшелік қалыптастырған. Қазақ тілінде ақ қызыл, кара, кек, жасыл, сары сияқты түске қатысты сөздер қытайшаға аударғанда, өзіндік ерекшелігі бейнеленбей қалады. Қазақтардың басты азығы сиыр, қой еттері мен олардың сүті, осы жағынан алғанда **ш** түс» ерекше түсінікке ие. Терең сүйіспеншілік қалыптастырған (аққа) қатысты кептеген сез тіркестер қалыптасқан ұлттың психологиясы бейнеленген.

Мысалы: Ақ (Й) көңіл (C^TH) ақ ниетті, көңілі түзу деген мағына білдірсе, Ақ (Θ) жарқын (UFA) тіркес ашық жарқын деген мағынаны білдіреді. Ақ (Й) жаңбыр (Щ) толассыз жаңбыр, ақ (Θ) неке (ЙЯЭ), ақ (Й) жүрек (HЙ±) адалдықты, ақ (Й) тілек (**ЩШ**) шынайы тілек деген мағына білдіреді.

Қытай мәдениетінде ақ түсті өлім, жағымсыз жағдаймен байланыстырады, яғни «жоғалту», «жоқ» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан да бүгінгі күнде қытайлықтар жерлеу рәсімі кезінде қайтыс болған адамның, туыс-туған, жақындары киім, кеудесіне ақ түсті мата тағады. Сондықтан да қытай тіліндегі ақ тіске байланысты сөздер аударылғанда өз мағынасын бере алмай қалады. Бұны қазақшаға аударғанда «түс» өз мағынасын бейнелеп бере алмай қалады.

Босқа қабарлас болу (істеген ісінің нәтижесі болмауы) Stt, Босқа ысырап ету ӨВ8Й, Тегін жұмыс і Й^р, Ұйықтамай түс қору Й 0ШШ, Сауатсыз мырза Ё^УиОі, Құр алақан жұмыс бастау Й^ ^ ЁШ , Алғыс

Қазақ ұлтында кара түске қатысты сөздердің орны ерекше. «Қара» деген сөз Алтай тілдер жүйесіндегілер ортақ тарихи деректерде Қытайдың батыс бөлігінде көптеген жер аттары кара сөзумен қатысты болған. Мысалы, «Күлтегін» ескерткішіндегі «Қара көл», «Тоныкөк» ескерткішіндегі «Қара құм» сияқтылар. Жаңа эраның 9 ғасырың басында «Қарахан» мемлекеті болған. Сөздің түп-төркіні «кара түс» ұлы, сырлы, киелі, кәі байтақ, төтенше қатал деген мағыналарды білдірген. Сонымен қатар қазақ қытай тілінде кара түске қаты сөздердің мағынасы жоқ. Мысалы: Тіркелмеген тұрғын МР, Заңсыз бұйым **ШШ**.

Қытай және қазақ тілінде тек түске қатысты біраз сөздер бар, мысалы ақ, кара, сары, сұрғылт сияқты өңді қытай тілі мен қазақ тілін салыстырғандағы ұқсастықтарын да көреміз, мысал:

Ақша бұлт Й Ё , Ақ нәсілді адам ЙА, «үй, егін салынбаған, ағаш егілмеген жер» ЙІЙ. Сары топырақ я і, Өңі қудай болу ЩММЯІ, Сары май ft/fi, Сары алтын ft#, Кара тары МЖ, Кара бұлт is2A.

Қазақ пен қытай тіліндегі түсті білдіретін сөздердің нақтылы бейнелеу қуатты жоғары. Одан біз бұрыннан жалғасып келе жатқан құнды мәдени байлықтарды байқаймыз. Ұлттардың тілдегі лексикасын салыстыра зерттеу, түрлі мәдениетті айқындап, мәдени алмасудағы кейбір мәселелерді шешуге болады. Қытай тіліндегі осындай күрделі сөздердің қолданылуын анықтау, оларды оқытуға мол тәжірибе береді деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі қытай тілі. Жалпы редакциясын басқарған Жаң Бин.-Пекин: Филология баспасы, 2001. - 445 б.
2. Жин Мин. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің семантикалық, грамматикалық қызметтері: магистрлік жұмыс. - Пекин, 2002. - 78 б.
3. Д. Мәсімханұлы. А Абикенқызы. Қытай филологиясына кіріспе. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 267 б.

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ!

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ



РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕП БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

4-кітап

МАТЕРИАЛЫ
47-ой научно-методической конференции
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ
И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ
УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

Книга 4

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Затов Қ.А. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚА ТЫНА СТАРЫ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ А СПЕКТИЛЕРІ.....	127
Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Тойшубекова Ж.К. ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛА ТЫН ӘДІСТЕРДІҚОЛДАНУЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	128
Иманалиева Ғ.Қ. МЕДИА-МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОТИВТІҚУРАЛДАРДЫҢБЕРІЛУІ.....	131
Калыш А.Б., Исаева А.И. К МЕТОДОЛОГИИ ЭТНОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	134
Қамзин К. «ЖУРНАЛИСТИКАҒА КІРІСПЕ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ ОНЕР ҮЛГІЛЕРІНІҢ РОЛІ.....	136
Қаршабаева Е.Т. «ИСЛАМ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ДІНИЖҮЙЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ» ПӘНІНДЕ ҒЫЛЫММЕНБІЛІМБЕРУДІ ҮШТАСТЫРУ.....	141
Касымова Г.М. ГАРМОНИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЮ ИЗ ПРАКТИКИ УНИВЕРСИТЕТА СУЛЕЙМАНДЕМИРЕЛЯ.....	143
Кәрібаев Б.Б. ЕЛБАСЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЖОО СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ТИІМДІ ТҮСНДІРУЖОЛДАРЫ.....	145
Ким А.М., Джаркешев К.И., Гоголева Л.Н., Бредихина Я., Лощанов М. МЕНТАЛЬНЫЙ ТРЕНИНГ И ЕГО РОЛЬ В САМОРАЗВИТИИ И САМООБРАЗОВАНИИ ЧЕЛОВЕКА В СПОРТЕ И ЖИЗНИ.	146
Конуспаев С.Р., Журшбаева А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ.....	148
Кудайбергенова С.К., Мадалиева З.Б., Баймолдина Л.О. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЭКЗАМЕНАЦИОННОЙ СЕССИИ В ВУЗЕ.....	149
Кулиев И.О., Иляшова Г.К. БІЛІМБЕРУДЕПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢРӨЛІ.....	157
V Кыдырбаев Б.М. КОРЕЙ ТІЛІНШЕТ ТІЛІРЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСІ.....	154
Кылышбаева Б.Н., Дуйсенова С.М. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КОНФЛИКТОЛОГИИ ДЛЯ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ.....	156
Қалиолла А., Анипина А.К. МӘДЕНИЕТТІК БІЛІМ- САПАЛЫ А УДАРМАНЫҢ ТИІМДІЖОЛЫ.....	158
Қалымбетова Э.К., Болтаева А.М. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛА УДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	160
Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д. ӨМІР БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ КӘСІБИ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ.....	162
ч/Қамбарбекова Ғ.Ә. ШЫҒЫСТАНУШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КАДРМЕН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ҚАМТАМА СЫЗ ЕТУМӘСЕЛЕСІ.....	164
Қаражан К.С. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	167
Қожахметов Б.Т., Мукалиев Ж.К., Акмолдаева Б.К. КАДАСТР МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРМЕ «ФОТОГРАММЕТРИЯ» ЖӘНЕ «ЖЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДЫЛАУ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	169
Қозыбақова Ф.А. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ПА ТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ.....	171
- Қойбақова А.С., Шарыпқазы Н. ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУМЕН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ.....	173
Л-Қортабаева Г.К., Ешметова Б.Б. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ.....	174
Құлжанова Б.Р. ОЗ БЕТІНШЕ БІЛІМАЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ.....	177
✓Қыдыр Т. АРАБ, ПАРСЫ ТІЛДЕРШ ҮЙРЕНЕТІН СТУДЕНТТЕРГЕ ЕСКІ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ОҚЫТЫП ҮЙРЕТУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	178
Лашук М. РАЗВИТИЕ АЭРОКОСМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.	179
Махарова Г.С., Тастемирова Б.И. КЕЙБІР АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ - ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ А УДАРМАДАҒЫ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ.....	181
Медетбекова П. Т., Исмаилова Н.А. ЖИЛІК СӨЗДІКТІҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ.....	185
Медеубекұлы С. ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ КӘСІБИ БІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДЕП ТЕРМИНОЛОГИЯ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	187
Мәмбетова М.К., Мәмбетова А.К., Медетбекова П.Т. ТІЛДІК САНАДАҒЫ КЛИШЕЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ.....	191
Мәтбек Н.К. ШЕТЕЛДІК ТЫНДАУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЛҒАУЛАРЫН МЕНГЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	194
Мәтбек Н.К., Оразбаева Х.К. КАЗАҚ, ДИАСПОРАСЫ ТЫНДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН БЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ МЕНГЕРТУ ЖОЛДАРЫ.....	196
Мәулет В., Ахметбек Г. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ӨЗДЕРДІ ОҚУТЫДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....	198